

6D010300-Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін

"Кредиттік оқыту жүйесінде университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары"
тақырыбы бойынша ұсынылған

**Абильмажинова Орынгуль Слямбековнаның
диссертациялық жұмысына ғылыми көңесшінің**

П И К И Р I

«6D010300 - Педагогика және психология» мамандығы бойынша PhD докторантты Абильмажинова Орынгуль Слямбековнаның "Кредиттік оқыту жүйесінде университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары" тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысында еліміздің қазіргі таңдағы білім беру үрдісі білімалушының шығармашылықпен өзіндік дамуы, өзіндік оқуы және өздігінен жұмыс істеуімен қатар жүретін әлемдік интеграциялық технологиясына жаһандану жағдайын қарастырған.

Жоғары білім берудің жалпыеуропалық кеңістігін қалыптастыруға байланысты міндеттерді шешу Болон үрдісіне тікелей байланысты болып табылады. Жұмыс берушілер жоғары кәсіби білімді маманды ғана емес, жаңаша, стандартты емес түрде ойлайтын, түрлі күрделі кәсіби-өндірістік проблемалар туғанда шығармашылықпен шешім қабылдай алатын және мекеменің жұмысына бірден кірісп кетуге практикалық дағдысы бар жаңтарды жұмысқа алуға тырысады. Өндіріспен байланыспаған білім жүйесінің практикалық жұмысқа дағдысы бар маман дайындаі алмайтынын өмір көрсетіп отыр. Бұл жағдайдан шығудың біржолы-ЖОО-ның ғылымның мен танымдық шығармашылық жұмыстармен ықпалдастығы. Диссертант болашақ мұғалімдерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың ең маңызды бағыттарының бірі – олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылатының көрсеткен.

Сонымен қатар, болашақ мұғалімдердің шығармашылық қабілеттерін дамыту үрдісі кәсіби контекстке ие болуы қажет екенін есепке алу керектігіндігіне мән берген.

Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың мәні анықталған, моделі жасалған, психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалып, әдістемесі жасалып және ол бағдарламалық-мазмұндық қамтамасыздандырылған (элективті курс бағдарламасы) және практикаға ендірілген, осылай студенттердің шығармашылық қабілеттерінің креативтілік деңгейінің жоғарылауына мүмкіндік берілген.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәнділігі:

- кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту теориялық-әдіснамалық түрғыдан негізделді, «студенттердің шығармашылық қабілеттері» ұғымы нақтыланды;

- студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда заманауи университеттердің мүмкіндіктері салыстырмалы сипатталды және кредиттік оқыту жүйесінің мақсаттары мен қызметтері айқындалды;
- кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары анықталып құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылды;
- кредиттік оқыту жағдайында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың кешенді жұмыс жүйесі (психологиялық, танымдық, пәндік) және СӨЖ, ОСӨЖ үйымдастырудың жана әдістері әзірленді, тиімділігі эксперимент арқылы тексерілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- Кредиттік оқыту жағдайында студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың З бағыттан (психологиялық, танымдық, пәндік) тұратын кешенді жұмыс жүйесі.

-«Шығармашылық қабілеттерді дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері» атты элективті курсы;

- Кредиттік оқыту жүйесінде СӨЖ, ОСӨЖ үйымдастыру бойынша ғылыми-әдістемелік нұсқаулар;

Диссертациялық жұмыстың рәсімделуі қойылған талаптарға сәйкес жүзеге асырылып орындалған, диссертациялық жұмыста тақырыбының мазмұны ашылған.

Диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары жалпы 14 ғылыми еңбекте жарияланды.

Қорытындылай келе, 6D010300-Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Абильмажинова Орынгуль Слямбековнаның "Кредиттік оқыту жүйесінде университет студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары" тақырыбындағы диссертациялық жұмыстың мазмұнымен таныса отырып оның алдында тұрған мақсаттары жемісті түрде орындалған деген шешім жасауға болады.

Жұмыстың құрылымы зерттелетін проблема бойынша материалдың логикалық кезектілігінде баяндалғандығымен бағаланады.

Зерттеушінің диссертациясы өзекті және аяқталған зерттеу болып табылады. 6D010300-Педагогика және психология мамандығы бойынша ізденуші Абильмажинова Орынгуль Слямбековна философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ғылыми жетекші
Педагогика ғылымдарының
докторы:

М.З.Джанбубекова

Қолын растаймын / Удостоверяю подпись
<u>Джанбубекова М.З.</u>
КАДР БӨЛІМІ
202 ж.г.

Испекtor
Токенова

